



Оқу ісінің меңгерушісі:
Исмагулова А.Б. *Исмагулова*

ӘБ жетекшісі: Умар
 ӘБ отырысында қаралды
 Хаттама №1

«ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА»

2 сынып

Мўғалім: Уразбекова А.А.

2024-2025 оқу жылы

Обаған ауылы

Түсінік хат

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін (назар аудару, есте сақтау, қабылдау, байқағыштық, елестеу, ойлау т.б) дамыту оқу процесінде маңызды орын алады. Берілген логика курсының бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасап отырып, баланы іздемаздыққа және өзіне сенімді болуға, ақыл ой деңгейін қалыптастыруға бағытталған материалдармен қамтылған.

Математика пәнінің негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып жасалған бұл бағдарлама оқушылардың білім-білік деңгейлері, танымдық қабілеттерін арттырады. Оқушының қисынды ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы дидактикалық-ойын тапсырмалар беру.

Бастауыш сыныпта өтілетін бірақ шығарылу қиын есептер мен тапқырлықты талап ететін қисынды есептер астарлап келеді. Тапсырмалар зерделілікке, қиялдауға, қисынды ойлауға, тапқырлыққа үйретеді. Логикалық ойды дамытуға арналған жаттығуларды орындауға машықтандырады.

Авторлық бағдарлама аптасына 1 сағаттан барлығы 34 сағат бөлінген.

Бағдарламаның мақсаты:

- математикалық білімдерін игеру;
- танымдық іс-әрекетке, өздігінен ізденуге бейімдеу;
- пәнге қызығушылығын арттыру;
- қисынды ойлауын дамытып, тұлға ретінде қалыптастыру;
- игерілген білімдерін өмірде іс-әрекет барысында қолдана білуге дайындау;

Бағдарламаның міндеті:

- ақыл ой іс әрекетінің мән мағынасын түсіндіре отырып тұлғаның шығармашылық әлеуетін қалыптастыру;
- кеңістік пен уақытты бағдарлай білу біліктерін жетілдіру;
- практикалық әрекеттерді орындау машықтарын арттыру;

Күтілетін нәтиже:

- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Р\с	Тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I - тоқсан				
1	Суреттер бойынша қарапайым есептер құру	1		
2	Ондықтар мен жүздіктерге арналған тапсырмалар	1		
3	Теңдеулер құру, шығару	1		
4	Көбейту және бөлу кестесі	1		
5	Көбейту және бөлу амалдарының байланысы	1		
6	Зейіндерін дамытуға арналған тапсырмалар	1		
7	Санды өрнектер мен әріпті өрнектер	1		
8	Амалдарды ауызша есептеу тәсілдері	1		
II - тоқсан				
9	Өрнектер	1		
10	Қасиетті сандар және жақшалы есептер	1		
11	Амалдардың орындалу тәртібі	1		
12	Қызықты тапсырмалар	1		
13	Матем. ойын есептері	1		
14	Есту арқылы есте сақтауға арналған тапсырмалар	1		
15	Көру арқылы есте сақтауды жаттықтыру тапсырмалары	1		
16	«Біз есептейміз» жарыс сабағы	1		
III - тоқсан				
17	Геометриялық фигуралар (тік төртбұрыш, шаршы т.б.)	1		
18	Фигура бұрыштары (тік, доғал, сүйір)	1		
19	Фигуралардың периметрі	1		
20	Фигуралардың периметрі мен аудандары	1		
21	Шамалар. Ұзындық бірліктері	1		
22	Шамалар. Ұзындық бірліктері			
23	Уақыт бірліктері	1		
24	Масса бірліктері, сыйымдылық	1		
25	Геом. фигуралармен құрастыру жұмыстары	1		
26	«Санамақ» ойындары, оларды жаттау	1		
IV - тоқсан				
27	Теңдеулерді шешіп үйренейік	1		
28	Зейінді дамытуға арналған тапсырмалар	1		
29	Назар аударуға арналған тапсырмалар	1		
30	Қиялдауды жетілдіру тапсырмалары	1		

31	Ойша көз алдына елестету тапсырмалары	1		
32	Кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау	1		
33	Логикалық ізденіс тапсырмалары	1		
34	«Білімділер» сайысы, ойындар	1		

Қорытынды

Математика пәнінің негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып жасалған бұл бағдарлама оқушылардың білім-білік деңгейлері, танымдық қабілеттерін арттырады. Оқушының қисынды ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы дидактикалық-ойын тапсырмалары берілген.

Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді. Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады. Шамаларды салыстыра білуге үйренеді. Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады. Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады. Проблемалық жағдаятты шеше алады. Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

Пайдаланған әдебиеттер

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Өзіндік жұмыс» 1-4 сыныптар.
2. Математикадан бастауыш сыныптағы оқушылар үшін бақылау жинағы. Бейсеков Ж. Қамбарова Ж. Исаева А. Шымкент. 2010 жыл.
3. Математика оқулығы. «Атамұра» Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова.
4. «Бастауыш сыныптар үшін әдістемелік көмек». Ұлмекен Жазықбаева.
5. ҚР-сы бастауыш білімінің мемлекеттік стандарты ;
6. Сыныптан тыс жұмыс түрлері;
7. С.Кенжеахметұлы «Жеті қазына»
8. Ә.Наурызбайқызы, Қ.Әубәкірқызы, С.Мұқамбетқызы
9. «Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар»
10. Л.Л.Глазырина «Математика» пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы.
11. Агаркова Н.В. Нескучная математика. 1-4 классы. Занимательная математика. Волгоград: «Учитель», 2007
12. Сухин И.Г. Занимательные материалы. М.: «Вако», 2004
13. Шкляр Т.В. Как научить вашего ребёнка решать задачи. М.: «Грамотей», 2004
14. Сахаров И.П. Аменицын Н.Н. Забавная арифметика. С.- Пб.: «Лань», 2010